Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Інформацію про місяць і рік виготовлення необхідно дивитися в паспортній табличці на приладі.

**Виготовлено в Китаї.**

## ГАРАНТІЙНЕ ЗОБОВ'ЯЗАННЯ

Виріб: **Блендер електричний**

Модель: **PNB 0848**

Ця гарантія діє протягом 12 місяців від підтверженої дати придбання виробу та передбачає гарантійне обслуговування виробу відповідно до чинного законодавства України.

Ця гарантія діє у разі дотримання таких умов:

1. Гарантійне зобов'язання розповсюджується на усі моделі, які випускаються під торговою маркою POLARIS та придбані в уповноважених виробником продавців, у країнах, де надається гарантійне обслуговування (незалежно від місця покупки).
2. Виріб повинен використовуватися у строгій відповідності до інструкції з експлуатації та з дотриманням правил та вимог безпеки.
3. Ця гарантія не розповсюджується на дефекти, що виникли після передачі товару споживачу внаслідок:
  - Хімічного, механічного та іншого впливу, попадання сторонніх предметів, рідин, комах та продуктів їх життєдіяльності всередину виробу;
  - Неправильної експлуатації, що полягає у використанні виробу не за його прямим призначенням, а також встановлення та експлуатації виробу з порушенням правил та вимог техніки безпеки;
  - Використання приладу з метою, для якої він не призначений;
  - Нормальної експлуатації, а також природного зношування, що не впливають на функціональні властивості: механічні пошкодження зовнішньої або внутрішньої поверхні (вм'ятини, подряпини, потертості), природні зміни кольору металу, у тому числі поява райдужних та темних плям, а також корозії на металі у місцях пошкодження поверхні та непокритих ділянках металу;

- Зношування деталей оздоблення, ламп, батарей, захисних екранів, накопичувачів сміття, ременів, щіток та інших деталей з обмеженим строком використання;
  - Ремонт виробу, здійсненого особами або фірмами, що не є авторизованими сервісними центрами\*;
  - Пошкоджень виробу при транспортуванні, некоректному його використанні, а також у зв'язку з не передбаченими конструкцією виробу модифікаціями чи самостійним ремонтом.
4. Виробник не несе гарантійні зобов'язання, якщо на виробі відсутня паспортна ідентифікаційна табличка, або дані в ній вилучені або виправлені.
  5. Ця гарантія діє лише для виробів, що використовуються для особистих побутових потреб, та не розповсюджується на вироби, котрі використовуються з комерційною, промисловою та професійною метою

Увага! Виробник не несе відповідальності за можливу шкоду, прямо чи опосередковано завдану виробом POLARIS людям, домашнім тваринам, навколишньому середовищу, або збитки майну у випадку, якщо це сталося у результаті недотримання правил або умов експлуатації та встановлення виробу, навмисних та необережних дій споживача та третіх осіб.

З усіх питань, пов'язаних з гарантійним обслуговуванням, перевіркою якості, гарантійним та постгарантійним ремонтом виробів POLARIS звертайтеся до найближчого Авторизованого сервісного центру POLARIS або до продавця – уповноваженого дилера POLARIS.

Гарантійний ремонт виробів POLARIS здійснюють лише Авторизовані сервісні центри POLARIS.

**\*Адреси авторизованих центрів на сайті Компанії: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)**

Для підтвердження дати придбання виробу при гарантійному ремонті або пред'явлення інших передбачених законом вимог просимо Вас зберігати документи про покупку.

Такими документами можуть бути заповнений гарантійний талон POLARIS, касовий чек або квитанція продавця, інші документи, що підтверджують дату та місце покупки.

У разі ненадання документу, що підтверджує дату придбання виробу, строк гарантії вираховується з дати виготовлення виробу.

**Дата виготовлення вказана на паспортній ідентифікаційній табличці, що знаходиться на задній стінці виробу.**

**Электрлік блендер**  
**Модель PHB 0848**  
**POLARIS**  
**Пайдалану жөніндегі нұсқаулық**

POLARIS сауда белгісімен шығатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құралды пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құралды дұрыс пайдалану мен күтуге қатысты кеңестер берілген.

Нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

## **Мазмұны**

Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар .....	19
Осы құралдың қауіпсіздігі жөніндегі арнайы нұсқаулар .....	20
Пайдалану саласы .....	21
Құралдың сипаттамасы .....	21
Жинақталуы .....	21
Жұмысқа дайындау және пайдалану .....	22
Тазарту және күтім .....	24
Ақауларды жою .....	25
Техникалық сипаттамасы .....	25
Сертификаттау туралы ақпарат .....	26
Кепілдік міндеттеме .....	26

## **Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар**

- Құрал тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Құралды тек мақсаты бойынша ғана пайдаланады.
- Әр жолы құралды қоспас бұрын оны қарап шығыңыз. Құралдың және желілік сымның ақауы болса, құралды розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Құралды балалар және мүмкіндігі шектеулі жандар тікелей қадағалау және бақылау жүзеге асырылғанда ғана пайдалана алады.
- **Назар аударыңыз! Құралды ванна, шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа ыдыстардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Құралды тек қана ауыспалы ток көзіне ғана қосыңыз (~). Қоспас бұрын, құралдың желіде қолданылатын кернеуге арналғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құралды желіге қоспас бұрын, оның сөндірулі екендігіне көз жеткізіңіз.
- Құралды бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құралды ыстықтан, тікелей күн сәулесінен, сүйір бұрыштарға соғылудан, ылғалданудан сақтаңыз (ешқашан құралды суға батырмаңыз). Құралды дымқыл қолыңызбен ұстамаңыз. Құрал суланған жағдайда бірден желіден ажыратыңыз.

- Құрал суға түсіп кеткен жағдайда оны бірден желіден ажыратыңыз. Осы кезде қолыңызды суға салмаңыз. Қайта қолданар алдында құралды білікті маман тексеруі керек.
- Пайдаланып болған соң, қондырмаларды орнату немесе алу кезінде, құралды тазалағанда немесе сынған кезде оны үнемі желіден ажыратыңыз.
- Іске қосылған құралды қараусыз қалдырмаңыз. Құралды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Құралды желілік сымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, желілік сымнан ұстап құралды желіден ажыратуға тыйым салынады. Құралды желіден ажырату кезінде штепсель ашадан ұстаңыз.
- Пайдаланып болғаннан кейін, электрмен қоректендіру сымын құралды айналдыра орауға болмайды, себебі, уақыт өте келе бұл сымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін. Қашанда сақтау үшін сымды жақсылап тарқатыңыз.
- Сымды тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкерлері ғана ауыстыра алады. Біліктілігі жоқ тұлға тарапынан жасалған жөндеу қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Құралды өз бетіңізбен жөндеуге болмайды. Жөндеуді қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құралды жөндеу үшін тек қана түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылады.
- Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін құрылғыны басқа да тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, жоятын ресми орынға өткізіңіз.
- Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

### **Осы құралдың қауіпсіздігі жөніндегі арнайы нұсқаулар**


- Құралмен жұмыс жасау барысында оны қараусыз қалдырмаңыз.
- Керек-жарақтарын немесе қондырмаларды ауыстырар алдында құралды сөндіріңіз.
- Қондырмалардың барлығы, блендердің білігі мен ішкі бөлшектерінің мұқият жуылып, кептірілгенін ұдайы қадағалаңыз.
- Жарақат алмас үшін, саусақтарды, шашыңызды, киімді блендердің қозғалатын бөлшектерінен қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз.
- Балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың бақылаусыз құралды пайдалануына рұқсат етпеңіз.
- Ақауы бар құралды немесе қондырманы ешқашан пайдаланбаңыз.
- Құралдың пышағын алу, орнату және тазарту барысында абай болыңыз.
- Пышақтар толығымен тоқтағанша құралдың қақпағын ешқашан ашпаңыз.
- Бұл электрлік блендер ұзақ уақыттай созылмалы үздіксіз жұмыс істеу үшін арналмаған, сондықтан, құрылғы қызып кетпес үшін, үздіксіз жұмыстың әрбір 30 секундтан кейін, оны келесі қолданар алдында 5 минут уақытқа үзіліс жасап тұрыңыз, мотордың сууына мүмкіндік беріңіз. Блендерді бір рет пайдаланғанда, оның өндеу кезеңдерінің саны – 4 өндеу кезеңінен аспауы тиіс, яғни блендерді 4 (төрт) мәрте қосқаннан кейін, оны келесі қолданар алдында, ол суығанша 45 минутқа үзіліс жасап, күте тұрыңыз.

## Пайдалану саласы

Құрал осы Нұсқаулыққа сәйкес, тек қана тұрмыста қолдануға арналған. Құралды өнеркәсіптік мақсатта пайдалануға болмайды.

Өндіруші осы нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаған жағдайдың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

## Құралдың сипаттамасы



### ***Қол блендері***

1. Блендерлік қондырмасы
2. Блендердің ұстағышы (моторлы блогы)
3. Құрылғының жұмыс жылдамдығын реттеуге арналған қосу батырмасы
4. Turbo (максималды жылдамдық режимін қосуға арналған) батырмасы

### ***Ұсақтағыш бөлігі (еттартқыш)***

5. Ұсақтағыш бөлігінің қақпағы
6. Ұсақтағыш бөлігінің тостағаны (500 мл)
7. Ұсақтағыш қондырмасының пышағы

### ***Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасы***

8. Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының жалғастырғышы.
9. Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасы (венчигі)
10. Өлшеуіш стақан

## Құрылғының жиынтықтылығы

Блендердің ұстағышы (моторлы блогы) – 1 дана.

Блендерлік қондырмасы – 1 дана.

Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасы (венчигі) – 1 дана.

Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының жалғастырғышы – 1 дана.

Стақан – 1 дана.

- Ұсақтағыш бөлігінің қақпағы – 1 дана.
- Ұсақтағыш қондырмасының пышағы – 1 дана.
- Ұсақтағыш бөлігінің тостағаны – 1 дана.
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.
- Кепілдік талоны – 1 дана.

### **Жұмысқа дайындау және пайдалану**

- Құрылғының қаптама қорабын ашып, құрылғыны абайлап шығарып алыңыз, содан кейін оның жеткізілім жиынтықтылығына кіретін барлық бөлшектері мен керек-жарақтарын, қондырмаларын қарап, тексеріп шығыңыз, сонымен қатар құрылғымен бірге жеткізілетін оның барлық құрастыру бірліктерінің зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Блендер құрылғыны алғашқы рет пайдаланар алдында, оның тағамдық өнімдермен жанасатын барлық бөліктерін және қондырмаларын, сонымен бірге оның бөлшектері мен керек-жарақтарын жылы сабынды суда жақсылап жуыңыз да, таза суда шайып шығыңыз.

**Назар аударыңыз! блендер құрылғының қондырмаларын қолданып, тағам өнімдерін өңдеу барысында сақ болыңыз: блендерге орнатылатын қондырмаларындағы пышақтарының жүздері өте өткір!**

### ***Блендерді қолдану***

Қол блендері суустарды, сорпа-езбелерді, майонез және балалар тағамын дайындау кезінде өте қолайлы, сондай-ақ, сүт коктейльдерін көпсіту үшін дөп келеді.

**Назар аударыңыз!** Құрылғының блендерлік қондырмасын қолданып, ұсақтағыш бөлігінің тостағанында тағам өнімдерін өңдеуге тыйым салынады. Ернеуі жоғары ыдыс-аяқты немесе стаканды (10) пайдаланыңыз.

- Тағам өнімдері шашырамас үшін ернеуі жоғары ыдыс-аяқты (стаканды) шамамен 500 мл мөлшерде азық-түлікпен толтырыңыз, көрсетілген мөлшерден асыра толтырмаңыз.
- Алынбалы пышақтары бар блендерлік қондырмасын (1) блендер ұстағышының (2) сыртқы корпусына орнатыңыз және бұл қондырмасын бекітіңіз.
- Пышақтар өнімге түсірілмейінше құралды қоспаңыз.
- Блендердің жұмыс бөлігін (блендерлік қондырмасының пышақтарын) тағам өнімдері салынған (ернеуі жоғары) ыдысқа түсіріңіз де, оны сұйықтық пен тағам өніміне батырыңыз.
- Қоректендіру сымын розеткаға қосыңыз. Блендерді өнімдер салынған ыдысқа түсіріңіз (ернеуінің биік болғаны дұрыс).
- Блендерді мықтап ұстап тұрып, қажетті жұмыс жылдамдығын таңдап (жылдамдық қосатын тетікті басып тұрыңыз), қосыңыз.
- Ең жоғары қуаттылықпен жұмыс жасау үшін Turbo (4) максималды жылдамдық режимін қосуға арналған батырмасын пайдаланыңыз. Тағам өнімдерін өндеп болған соң, блендерді сөндіріңіз де, оны ыдыс-аяқтан шығарып алыңыз.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін блендерді сөндіріп, ыдыстан алыңыз.
- Құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айырын электр желісінен ажыратып алыңыз да, пышақтары бар алынбалы қондырмасын тазалау үшін бөлшектеңіз.

### ***Құрылғының ұсақтағыш бөлігін қолдану барысында.***

Құрылғының ұсақтағыш бөлігіндегі ұсақтағыш қондырмасын қолдана отырып, сіз пісірілген немесе шикі көкөністерді, ірімшікті және пісірілген етті ұсақтап немесе майдалап турай аласыз.

**Назар аударыңыз!** Кофе дәндерін, дәмдеуіштердің қатты дәндерін, мұз текшелерін, мұздатылған тағам өнімдерін және т.б. осы сияқты қатты өнімдерді үгітпеңіз, өйткені олар пышақтардың сынуына әкелуі мүмкін.

- Пісірілген етті сүйегінен ажыратып алып тастаңыз және етті кесектеп 1-2 см етіп кесектеп тураңыз.
- Ұсақтағыш бөлігінің қондырмасын/алынбалы пышағын (7) құрылғының ұсақтағыш бөлігіндегі тостағанның қадауына/істігіне (6) орнатыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Құрылғының ұсақтағыш (комбайн) бөлігінің қондырмасын қолданып, тағам өнімдерін өңдеу барысында сақ болыңыз. Бұл пышақтарды металл бөлігінен ұстамаңыз, пышақтарының жүздері өте өткір!**

- Тағам өнімдерін тостағанға салыңыз.
- Ұсақтағыш (комбайн) бөлігінің қақпағын (5) тостағанға орнатыңыз да, оны сағат тілінің бағытымен бұрап, оның шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше, яғни ол толығымен бекітілгенше, оны дұрыстап қондырып бекітіңіз.
- Блендердің ұстағышын (2) ұсақтағыш бөлігінің (комбайнның) қақпағына (5) жалғаныз да, оны бекітіңіз.
- Блендер құрылғыны қолмен мықтап ұстап тұрып, оны іске қосу үшін құрылғының іске қосу батырмасын басыңыз.
- Тағам өнімдерін өңдеп болған соң, блендерді сөндіріңіз де, оның электр желілік баусымның штепсельдік айырын электр желісінен ажыратып алыңыз және ұсақтағыш бөлігіндегі қондырмасын тазалау үшін бөлшектеңіз.

Блендердің ұсақтағыш бөлігін пайдалану үшін ұсынылған уақыты және ұсақтағыш бөлігіне/комбайнның тостағанына салынатын тамақ өнімдерінің түрлері мен мөлшері (салмағы).

Тамақ өнімдері	Мөлшері (салмағы)	Уақыт бірлігі секундтық
Ет	200гр.	10-15
Хош иісті шөптер	20гр.	20
Ірімшік	150гр.	15
Жұмыртқа	2 – 4 дана	15
Пияз	100гр.	10

### ***Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасын қолдану барысында.***

Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының көмегімен жұмыртқа ақуызын, қаймақты шайқауға және т.б. осы сияқты тамақ өнімдерін бұлғауға, сонымен қатар сүтті көпіршітілген қою көбікке айналдыруға болады, сонымен бірге бұл қондырғысының арқасында сіз көпіршітілген крем тәрізді қою тұздықтар мен тәттілерді және десерттік тағамдарды дайындай аласыз.

- Блендердің ұстағышына (2) көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының жалғастырғышын (8) кигізіп орнатыңыз. Көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасын венчикті (9) жалғастырғыштың сыңалауына (8) оның шертпек секілді сарт еткен дыбыс естілмейінше, яғни ол толығымен бекітілгенше оны дұрыстап қондырып орнатыңыз.
- Ернеуі жоғары стаканға (10) көпіршітуге арналған тағам өнімдерін салыңыз.  
**Назар аударыңыз!** Құрылғының көпіршіткіш қондырмасын қолданып, комбайнның тостағанында тағамдық өнімдерін өндеуге тыйым салынады.
- Құрылғы пайдалануға дайын.

**Назар аударыңыз!** 4 жұмыртқадан көп немесе 400 мл қаймақтан/кілегейден артық көпіршітуге болмайды. Тағам өнімдерін көпіршіткен кезінде құрылғы қызып кетпес үшін, үздіксіз жұмыстың әрбір 30 секундтан кейін, оны келесі қолданар алдында 5 минут уақытқа үзіліс жасап тұрыңыз. Құрылғының істен шығуына, сынуына не зақымдауына жол бермес үшін маргарин, сары май және т.б. осы секілді қатты қою тағамдық өнімдерді көпіршітпеңіз, қою өнімдерді көпіршітпес бұрын, оларды жартылай сұйық және жұмсақ болғанша жылытыңыз. Көпіршітуге арналған тағам өнімдерінің қоспасы (массасы) көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасының қалақшаларынан жоғары болмауы керек.

- Тағам өнімдерін өндеп болған соң, блендерді сөндіріңіз де, оның электр желілік баусымның штепсельдік айырын электр желісінен ажыратып алыңыз және құрылғының көпіршіткіш (бұлғауыш) қондырмасын және бұл бұлғауыш қондырмасының жалғастырғышын тазалау үшін бөлшектеңіз.

### **Тазарту және күтім**

- Тазалар алдында құралды желіден ажыратыңыз.
- Тұтқыш, үгіткіштің қақпағы және езгіштің өткізгішінен басқа, құралдың барлық бөліктерін суды ағызып жуыңыз.
- Құралдың бөлшектерін ыдысжуғыш машинада жууға болмайды: ол пластмасса бөліктерді зақымдайды.
- Үгіткіштің қақпағын және езгіштің өткізгішін жұмсақ дымкыл шүберекпен сүртіңіз.
- Барлық бөлшектерді құрғақ сулықпен сүртіңіз.
- Құралды жинап, сақтау үшін құрғақ жерге қойыңыз.

### ***САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРТ***

Құралдарды тасымалданатын көлік түрінде әрекет ететін, механикаландырылған жүк тиеу-түсіру жұмыстарын қамтамасыз ететін жүкті тасымалдау ережелеріне сәйкес жабық көлік құралдарының кез келген түрінде тасымалдайды.

Құралдарды тасымалдау барысында бүлінуден сақтау әрекеті қамтамасыз етілуі тиіс – бұйым сапасы мен тұтынушы құралының сыртқы түрін сақтау.

Құралдарды тасымалдау барысында оларды тікелей атмосфералық жауынның түсуінен, агрессивті ортадан сақтау қажет.

Құралдар қоршаған ауа температурасы плюс 40°C -тан аспайтын және 5°C-тан кем емес, салыстырмалы ылғалдығы 70%-дан жоғары емес, қышқылды және электрлі құралдар материалдарына теріс әсер ететін өзге де будың, шаңның болмауы жағдайында жабық, құрғақ әрі таза бөлмежайда сақталуы тиіс.

## Ақауларды жою

<b>Ақау</b>	<b>Мүмкін себебі</b>	<b>Шешу тәсілі</b>
Құралды электр желісіне қосу барысында блендер жұмыс жасамайды.	Розетка бүлінген.	Розеткаға өзге құралды қосу арқылы кернеуді тексеріңіз.
	Электр коректендіру сымы зақымдалған.	Жөндеу шеберханаларының мамандары ғана бұл ақауды жоя алады.
Жұмыс барысында блендер сөніп қалды.	Құрал қызып кетті. Автоматты түрде сөну функциясы қосылды.	Блендерді розеткадан ажыратыңыз және оның толық сууын күтіңіз алдында 60 минут.
Өнімдерді ұсақтау барысында құралдың дірілі қатты.	Өнімдер тым ірі етіп кесілген.	Өнімдерді кіші етіп кесіңіз.
Жұмыс барысында бөгде иіс пайда болды.	Құрал қызып кетті.	Құралдың үздіксіз жұмыс жасау уақытысын қысқартыңыз. Құралды қосу аралығын ұлғайтыңыз.
	Құрал жаңа, иіс қорғаныс жабынынан шығуда.	Құралды мұқият түрде тазартыңыз.

**Назар аударыңыздар!** Жоғарыда сипатталған қадамдарды қолданып, ақаулықтарға қатысты мәселерді шеше алмасаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.



Осы құрылғыны пайдалану барысында жарақаттанып қалу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, сондай-ақ бұл құрылғының бұзылу қаупін туғызатын себептерін болдырмау үшін, сонымен қатар өрт қаупі бар жағдайларды болдырмау үшін осы нұсқалықта берілген барлық қауіпсіздік жөніндегі талаптары мен ережелерін және де, тұрмыстық электрлі құрылғылармен пайдалану кезіндегі қауіпсіздік бойынша барлық қолданыстағы жалпы нұсқауларын және техникалық пайдалану қағидаларын, сонымен бірге бұл құрылғымен жұмыс атқару барысындағы қауіпсіздік жөніндегі негізгі сақтық шараларын қатаң сақтау қажет.

### Техникалық сипаттамасы

Кернеу: 220-240 В  
Жиілік: ~ 50 Гц  
Қуаты: 800 Вт  
Сыйымдылығы: 700 мл  
Қорғаныс жіктелімі - II

**Ескертпе:** Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Тұтынушының бұған назар аударатынына өндіруші үлкен үміт артады.

PНВ – Polaris сауда белгісінің тұрмыстық электрлік блендері

Өндірілген айы мен жылы туралы ақпаратты құралдың төлқұжаттық кестесінен қараңыз

## Сертификаттау туралы ақпарат

БҰЛ ӨНІМ Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (TP TC 004/2011), сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (TP TC 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өтті және осы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды, сонымен бірге Кеден Одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАзӘЖ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес таңбаланған.

Сәйкестік Сертификатының тіркеу нөмірі/ сәйкестік туралы декларациясы жөнінде, сонымен бірге сертификаттың және декларациясының қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді POLARIS бұйымды сатып алған жерде, яғни Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңыздан немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен алуыңызға болады.



**Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі:** 3 жыл

**Кепілдік мерзімі:** 12 ай

**Таурды өткізу ережелері белгіленген емес**

### **Өндіруші:**

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД  
1801 Блогі, 18/Ф, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг  
Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

### **Импорттаушы:**

"Континент" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ-сы, Орджоникидзе к-сі, 11-үй, 3-құрылым, 4-қабат, 1 ғимарат. 13-бөлме

Телефон: +7 (495) 419-12-56.

### **Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:**

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Ресей, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

### **Қытайда жасалған.**

## **КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕ**

**Бұйым: Электрлік блендер**

**Моделі: PNB 0848**

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 12 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.

2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
  - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
  - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
  - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
  - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл тұсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлерінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
  - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;
  - Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын\*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
  - Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

**Назар аударыңыз!!** Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

\* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: [www.polar.ru](http://www.polar.ru)

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өңделіп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.